

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКІМАТ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

2024 ж. 26 желтоқсан

Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 4/728

Города Алматы

«Жасыл» қаржыландыруды тартудың
кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Батылы қағаздар рыногы туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 сәуірідегі айқындалған ерекше мәртебесі бар республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының орнықты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде «жасыл» жобаларды қаржыландыру үшін «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында айналысқа түсетін ұлттық валюталық мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару қаттықтарына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласының «жасыл» облигациялары саласындағы саясат бекітілсін.
2. «Алматы қаласының Экономика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі



Е. Досаев

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКІМАТ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

26 желтоқсан 2024 ж.

Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 4/728

Города Алматы

О некоторых вопросах
привлечения «зелёного» финансирования

- В соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О рынке ценных бумаг», Правилами выпуска государственных ценных бумаг в национальной валюте для обращения на площадке Международного финансового центра «Астана» местным исполнительным органом города республиканского значения с особым статусом, определенным законодательным актом Республики Казахстан, для финансирования «зелёных» проектов в рамках реализации целей устойчивого развития, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 апреля 2023 года № 292, акимат города Алматы **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**
1. Утвердить прилагаемую Политику в области «зелёных» облигаций города Алматы.
 2. Коммунальному государственному учреждению «Управление экономики города Алматы» обеспечить размещение настоящего постановления на интернет-ресурсе акимата города Алматы.
 3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Алматы.

Аким города Алматы



Е. Досаев

Алматы қаласы әкімдігінің
2024 жылғы «26» сәуірі № 4/728
қаулысына қосымша



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ «ЖАСЫЛ» ҚАРЖЫЛАНДЫРУ
САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Алматы, 2024 жыл

Мазмұны

КІРІСПЕ

1. Қолдану саласы

2. Терминдер мен анықтамалар

3. Алматы қаласының «жасыл» қаржыландыру саясатын іске асыру

3.1. Қаражаттарды пайдалану

3.2. Жобаларды бағалау және іріктеу процесі

3.3. Қаражатты басқару

3.4. Есептілік

4. Сыртқы шолу

1 Қосымша

2 Қосымша

3 Қосымша

КІРІСПЕ

Алматы – Қазақстанның ең ірі қаласы, елдің маңызды экономикалық және мәдени орталығы болып табылады. Қала үнемі өсіп, дамып, әлеуметтік-экономикалық артқышылықтарымен адамдарды тартып келеді.

Соңғы 10 жыл ішінде Алматы қаласының халқы 578 мың адамға артты, 2024 жылдың 1 қарашада қалада 2,3 миллион адам тұрады. 2023 жылғы қалада өндірілген жалпы өңірлік өнімінің (ЖӨӨ) көлемі 24,9 трлн. теңгені құрады, ал Алматының республика ЖӨӨ-ті үлесі өңірлер арасында ең жоғары көрсеткішке жетті – 20,8%.

Алматы қаласы тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарын (*бұдан әрі – БҰҰ ТДМ*) басшылыққа ала отырып, белсенді жұмыс істеуде. Қала кәсіріті және болашақ ұрпақтардың әл-ауқаты үшін жағдай жасау мақсатында экологиялық және әлеуметтік аспектілерді өзінің даму стратегияларына интеграциялауға ұмтылуда.

2022 жылғы Алматы қаласы Орталық Азия мен Ауғанстанда БҰҰ ТДМ-ды жылжыту бойынша өңірлік хаб-қала мәртебесіне ие болды. Бұл жана мәртебе Алматының инвестицияларды және озық технологияларды тартуға, БҰҰ ТДМ-ның жаңалық міндеттерін іске асыру бойынша халықаралық құзыреттілік орталығын құруға мүмкіндіктерін арттырады.

2022 жылғы қыркүйекте Алматы қаласы маслихаты «Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасын және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» (*бұдан әрі – Даму бағдарламасы*) қабылдады, ол мегаполистің үйлесімді дамуының, өмір сүру, жұмыс істеу және демалу үшін тартымды әрі қолайлы орынға айналуының векторын айқындайды. Даму бағдарламасын дайындау шеңберінде негізгі сын-қатерлер, қала тұрғындарының ұсыныстары, зерттеу деректері, сондай-ақ тұрақты даму бойынша халықаралық тәжірибе мұқият зерделенді. Қабылданған жана «2040 жылға дейінгі қаланы дамыту Бас жоспары» да Даму бағдарламасының басымдықтарымен үйлеседі.

Даму бағдарламасы БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының бірі немесе бірнешеуімен өзара байланысты 7 бағыттан тұрады.

Алматы қаласын дамыту бағдарламасының бағыттары:

- I. Жайлы қалалық орта;
- II. Тұрақты экономикалық өсу;
- III. Басқарылатын урбанизация;
- IV. Әлеуметтік орнықтылық және тұрақтылық;
- V. Жасыл Алматы;
- VI. Сәрт сити;

VII. Қауіпсіз қала.

«Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ мен «Алматыбасжоспар» ҒЗЙ» ЖШС базасында Даму бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру жөніндегі жобалық кеңселер ұйымдастырылды. Матрицалық құрылым принципі бойынша Алматы қаласы әкімдігінің қызметкерлері мен Алматы қаласы әкімдігіне қарасты және басқа да ұйымдардың қызметкерлерінен негізгі бағыттарды іске асыру топтары құрылды.

Сондай-ақ, Алматы Қазақстанда және Орталық Азия аймағында БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 17-нің ішінен қалаларға қатысты 5 мақсатқа қол жеткізу бойынша Бірікті жергілікті шолу дайындап, ұсынған алғашқы қала болды:

3-мақсат. Барлық жастағы адамдардың салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және әл-ауқатын арттыру.

4-мақсат. Барлығына арналған жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы оқуға мүмкіндіктерді насихаттау.

8-мақсат. Инклюзивті және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және баршаға лайықты жұмысқа жәрдемдесу.

9-мақсат. Тұрақты инфрақұрылымды құру, инклюзивті және тұрақты индустриализация мен инновацияларға жәрдемдесу.

11-мақсат. Қаланың ашықтығын, қауіпсіздігін, тұрақтылығын және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету.

2024 жылғы 9 шіңде Алматы қаласы бойынша осы жергілікті шолу БҰҰ-ның сайтында (<https://data.un.org/locations/almaty-local-reviews>) ресми түрде жарияланды.

2023 жылдың басынан бастап Алматы қаласына ұлттық валютада сыртқы қарыз алу құқығы берілді, ол тұрақты даму мақсаттарын іске асыру шеңберінде «жасыл» жобаларды қаржыландыру үшін Астана Халықаралық қаржы орталығының алаңында мемлекеттік бағалы қарыздар шығару (*ҚР Бюджет кодексінің 212-бабының 1-1-тармағына сәйкес*) және халықаралық қаржы ұйымдарынан тікелей кредиттер алу (*ҚР Бюджет кодексінің 212-1-бабының 1-тармағына сәйкес*) арқылы жүзеге асырылады.

Берілген өкілеттіктерді ескере отырып, Алматы қаласы әкімдігі алғаш рет қала өмірінің сапасын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға және экономикалық тұрақтылықты нығайтуға ықпал ететін «жасыл» инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін ұлттық валютада сыртқы қарыз алу мүмкіндігін қарастыруда.

Осыған байланысты, Алматы қаласының «жасыл» қаржыландыру саласындағы саясаты әзірленді. Бұл саясат Алматы қаласы әкімдігінің «жасыл» жобаларды іске асыру үшін инвестициялар тарту процесінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында, қаланың стратегиялық құжаттарына сәйкес «жасыл» облигациялар мен «жасыл» несиелер сияқты «жасыл» қаржыландыру

құралдары арқылы жүзеге асырылады.

1. Қолдану саласы

Алматы қаласының «жасыл» қаржыландыру саласындағы саясаты (*бұдан әрі – Саясат*) Алматы қаласы әкімдігінің облигациялардың жекелеген шығарылымдарының, несиелердің және басқа да қаржы құралдарының мақсаттары мен шарттарының Халықаралық капитал нарығы қауымдастығы (ICMA) әкімшілік ететін Жасыл облигациялар принциптерімен (Green Bonds Principles, GBR) (*бұдан әрі – Жасыл облигациялар принциптері*), Несие нарығы қауымдастығы (Loan Market Association), Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі несиелік нарық қауымдастығы (Asia Pacific Loan Market Association) және Несие синдикациясы және сауда қауымдастығы (Loan Syndications & Trading Association) әкімшілік ететін Жасыл несиелер принциптерімен (Green Loan Principles)³ (*бұдан әрі – Жасыл несиелер принциптері*), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысымен бекітілген «жасыл» облигациялар және «жасыл» несиелер арқылы қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының «жасыл» жобаларының жіктемесіне (таксономиясына)⁴ (*бұдан әрі – Қазақстан Республикасының «жасыл» жобаларының таксономиясы*) сәйкестігін көрсетуге арналған.

Осы Саясат Алматы қаласы әкімдігінің қалалық «жасыл» облигацияларды шығару және «жасыл» несиелерді тарту арқылы алынған қаражаттарды пайдалану тәсілдерін, жобаларды бағалау және іріктеу рәсімдерін, қаражаттарды басқаруды, сондай-ақ қаражаттарды пайдалану туралы есеп беру, оның ішінде әсері туралы есеп беру жөніндегі әкімдіктің тәсілдерін сипаттайды. Көрсетілген әрбір компонент осы Саясаттың тиісті бөлімінде және оған қосымшаларда етжей-тегжейі сипатталған.

Алматы қаласының «жасыл» қаржыландыру саласындағы саясаты БҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізумен байланысты жобаларды іске асыру үшін кең ауқымды негіздер береді және келесі басым салалардағы жобаларды қамтуы мүмкін:

- Энергия тиімділігі;
- Ластанудың алдын алу және оны бақылау;
- Циркулярлық экономикаға бейімделген өнімдер, өндірістік технологиялар және процесстер;
- Тірі табиғи ресурстар мен жерді экологиялық тұрақты басқару, биологиялық әртүрлілікті сақтау;
- Климаттың өзгеруіне бейімделу;
- Жасыл ғимараттар;
- Су ресурстарын және ағынды суларды тұрақты басқару;
- Экологиялық таза көлік;

- Жанартылатын энергия.

Осы Саясат «жасыл» қаржыландыру саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттар мен ұсыныстардың, сондай-ақ Алматы қаласы әкімдігі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерінің өзгеруі жағдайында өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

Осы Саясат Алматы қаласы әкімдігінің жобаларды қаржыландыру үшін шығарған кез келген облигациялар шығарылымдарына, қалалық қарыз беру бағдарламаларына, несиелерге және басқа қаржы құралдарына қолданылады, бұл жобаларды Алматы қаласы әкімдігі, осы Саясатта сипатталған рәсімге сәйкес «жасыл» деп анықтайды.

2. Терминдер мен анықтамалар

Осы Саясатта келесі терминдер мен тиісті анықтамалар қолданылады:

«**Жасыл**» қаржыландыру – уәкілетті органдармен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қалыптау құралдары арқылы «жасыл» облигациялар, «жасыл» несиелер және басқа да қаржы құралдары көмегімен «жасыл» жобаларды іске асыруға бағытталған инвестициялар.

«**Жасыл**» жобалар – бекітілген жіктеу (таксономия) негізінде анықталған жобалар, олар қолданыстағы табиғи ресурстарды тиімді пайдалануды арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға, энергия тиімділігін арттыруға, энергия үнемдеуге, климаттың өзгеруінің салдарын жұмсартуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған.

«**Жасыл**» таксономия – барлық қаржы сегменттерінде: «жасыл» облигациялар, «жасыл» банкінг, сақтандыру және т.б. «жасыл» қаржыландыруды алуға жарамды ретінде анықталған экологиялық тұрақты санаттардағы жобаларды (сандық және сапалық шекті критерийлерді қоса алғанда) жіктеудің бірыңғай жүйесі. Таксономиялар ұлттық және халықаралық деңгейде нормативтік немесе ерікті стандарттар тәртібінде әзірленіп, қабылдануы мүмкін.

«**Жасыл**» облигациялар – тек жаңа және/немесе қолданыстағы қолайлы «жасыл» жобаларды толық немесе ішінара қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру үшін пайдаланылатын, экологиялық тұрақты артықшылықтары бар, халықаралық стандарттарға және/немесе өңірлік/ұлттық таксономияларға сәйкес келетін мақсатты облигациялық құралдар.

«**Жасыл**» несиелер – тек жаңа және/немесе қолданыстағы қолайлы «жасыл» жобаларды толық немесе ішінара қаржыландыру немесе қайта қаржыландыру үшін пайдаланылатын, экологиялық тұрақты артықшылықтары бар, халықаралық стандарттарға және/немесе өңірлік/ұлттық таксономияларға сәйкес келетін несиелер мен қарыздар.

³ Green-Bond-Principles June-2022-280632.pdf (seamless.org)
⁴ Green Loan Principles 23 February 2023.pdf (lma.eu.com)
<https://adilnet.zan.kz/kaz/docs/P21000000996>

Қолайлы «жасыл» жобалар тізімі – Алматы қаласының «жасыл» облигациялар шығару және/немесе «жасыл» несиелер тарту есебінен қаржыландыруға және/немесе қайта қаржыландыруға бекітілген жобалар тізімі.

«Жасыл» жобаларға жұмсалатын қолайлы шығыстар – тікелей инвестициялық шығындарды, «жасыл» жобаларды іске асырумен тікелей байланысты жекелеген операциялық шығындарды, сондай-ақ субсидиялау, кепілдік беру, салықтық шығыстар және басқа да мақсатты қаржылық қолдау құралдары сияқты құралдар арқылы «жасыл» жобаларды іске асыруда жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдауға арналған шығыстарды қамтуы мүмкін шығыстар. «Жасыл» жобаларға жұмсалатын қолайлы шығыстар «жасыл» тақсономияда және халықаралық стандарттарда айқындалған критерийлерге сәйкес болуы тиіс.

Екінші тараптың пікірі (Second Party Opinion) – эмитенттің «жасыл» облигациялар шығару және «жасыл» несиелер тарту саласындағы саясаты мен бизнес-процестерін, оның ішінде тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын жобалардың «жасыл» облигациялар шығарылымының стандарттары мен талаптарына сәйкестігін бағалауды көздейтін сыртқы кеңесшілердің (экологиялық тұрақтылық саласында немесе «жасыл» облигациялар шығару және «жасыл» несиелер тарту саласына байланысты басқа салаларда танылған тәжірибесі бар сарапшылар және/немесе мекемелер) тексеруі. Бұл санатқа «тәуелсіз маманның қорытындылары» кіруі мүмкін.

3. Алматы қаласының «жасыл» қаржыландыру саясатын іске асыру

Алматы қаласының «жасыл» облигациялар шығару және/немесе «жасыл» несиелер тарту есебінен қаржыландырылатын саясат пен жобалар Жасыл облигациялар принциптеріне және Жасыл несиелер принциптеріне сәйкес келеді.

Жасыл облигациялар принциптері мен Жасыл несиелер принциптері келесі негізгі төрт компоненттен тұрады:

1. Қаражаттарды пайдалану.
2. Жобаларды бағалау және іріктеу процесі.
3. Қаражаттарды басқару.
4. Есептілік.

Алматы қаласының әкімдігі экологиялық және әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге елеулі оң үлес қосатын «жасыл» облигациялар шығару және/немесе «жасыл» несиелер тарту есебінен қаржыландыру және қайта қаржыландыру үшін «жасыл» жобаларды таңдайды.

Осыған байланысты әкімдік Алматы қаласының «жасыл» облигациялар шығару және/немесе «жасыл» несиелер тарту есебінен тартылған қаражаттардың 100% эквиваленттілігі көлемін, осы Саясатқа сәйкес бағаланған және іріктелген қолайлы «жасыл» жобаларды қаржыландыру және/немесе қайта қаржыландыруға толық көлемде бағыттауға міндеттенеді.

Қайта қаржыландыру жағдайында, капиталдық шығындарға қатысты «жасыл» облигациялар шығару/«жасыл» несиелер тарту күніне дейінгі ретроспективті талдау кезеңі 24 айдан аспайды, ал «жасыл» жобалардың операциялық шығындарына қатысты 12 айдан аспайды.

3.1. Қаражаттарды пайдалану

1-кесте. Қолайлы «жасыл» жобалар санаттары

ИСМА GBR-ге сәйкес қолайлы жобалар санаттары	ҚР «жасыл» жобаларының Таксономияға сәйкестігі	Шекті критерийлер	БҰҰ ТДМ-ға сәйкестік
Жаңартылатын энергия	1.1. Жел 1.2. Күн 1.3. Геотермалды 1.4. Гидро 1.5. Басқалары 1.6. Биоэнергия 1.7. Жаңартылатын энергия көздеріне арналған жеткізілімдер тізбегі және қосалқы инфрақұрылым 1.8. Сутегі өндірісі	Шектеу жоқ; Жекелеген қосалқы секторлар үшін – «жасыл» таксономияға сәйкес.	ТДМ 7 – Қолжетімді және таза энергия
Энергия тиімділігі	2.1. Жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан өнеркәсіп объектілерінде және агроөнеркәсіптік секторда энергия тиімділігін арттыру	1) Энергия үнемдейтін жабдықтар және парниктік газдардың шығарындыларын азайтатын технологияларды жетілдіру бойынша – «Энергия тұтынуды кемінде 20%-ға және (немесе) парниктік газдардың шығарындыларын кемінде 20%-ға төмендету және (немесе) ЖЭР (жылу-энергетикалық ресурстар) тұтынуын жобаны іске асыруға дейінгі базалық деңгеймен салыстырғанда 20%-ға оңтайландыруды қамтамасыз ету»; 2) Жылуэлектрорталығының жабдығын орнату/ когенерациялық немесе тригенерациялық қондырғылар бойынша – «Энергия тұтынуды кемінде 20%-ға және (немесе) парниктік газдардың шығарындыларын жобаны іске асыруға дейінгі базалық деңгеймен салыстырғанда 20%-ға төмендету»; 3) Энергия өндіру, беру және тарату жүйелеріндегі энергия тиімділігі бойынша – «Электр энергиясын өндіру және беру жүйелеріндегі шығындарды жобаны іске асыруға дейінгі базалық деңгеймен салыстырғанда кемінде 10%-ға төмендету»; 4) Орталықтандырылған жылыту бойынша – «Энергия тұтынуды жобаны іске асыруға дейінгі базалық деңгеймен	ТДМ 7 – Қолжетімді және таза энергия ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым

	2.2. Бюджеттік және коммуналдық секторда энергия тиімділігін арттыру	салыстырғанда кемінде 20%-ға төмендету». 1) Энергия үнемдейтін жарықтандыру немесе жабдық бойынша – «Энергия шығындарының 20 %-ға азаюы»; 2) Энергия тиімді өнімдер бойынша (соңғы тұтынушы) – «Өнім түрі үшін ең жоғары энергия тиімділігі сыныбы, соның ішінде ұлттық немесе мемлекетаралық стандарттарға сәйкес энергия таңбалауымен, сондай-ақ тұтыну тауарларының энергия тиімділігін бағалаудың халықаралық рейтингісі Energy Star, EU Energy Label сәйкес»; 3) Энергия үнемдеу қызметтері бойынша – «"Энергетикалық менеджмент жүйелері. Пайдалану жөніндегі талаптар және нұсқаулық" ҚР СТ ISO 50001 немесе халықаралық деңгейде танылған ұқсас стандарттарға сәйкес».	
	2.3. Энергиялық тиімді ғимараттар, құрылыстар мен құрылысжайлар	1) Энергия тиімді ғимараттар салу және қолданыстағы коммерциялық, қоғамдық, тұрғын үй және өнеркәсіптік ғимараттардағы тиімділікті арттыру бойынша – «"Жасыл" құрылыс саласындағы мынадай рейтингтік бағалаудың болуы: LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR және (немесе) энергия тиімділігі таңбалауы (энергия тиімділігінің сыныбы жоғары)».	
Жасыл ғимараттар	3.1. «Жасыл» ғимараттар	1) Жаңа «жасыл» ғимараттарды салу (коммерциялық, қоғамдық, өндірістік және тұрғын үй ғимараттары) бойынша – «Жасыл» құрылыс саласындағы келесі рейтингтік бағалаулардың болуы: LEED, BREEAM, EDGE, DGNB, OMIR энергия рейтингі белгілері, мысалы, US Energy Star және Еуропалық Одақта қолданылатын Energy Performance Certifications сияқты энергия таңбалау схемаларына сәйкестік»;	ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым
	3.2. Гіспе жүйелер және құрылыс материалдары	1) Жүйелерді өндіру және қолдану, «жасыл» құрылыс материалдары мен өнімдері бойынша – «Мынадай талаптардың болуы (міндетті емес): 1) «жасыл» құрылыс саласындағы рейтингтік бағалау: LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR; 2) Энергия тиімділігін таңбалау (энергия тиімділігінің сыныбы жоғары); 3) US Energy Star сияқты энергетикалық рейтинг белгілері немесе Еуропалық Одақта пайдаланылатын Energy Performance Certifications сияқты энергетикалық таңбалау схемаларына	ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер

		сәйкестігі немесе ғимараттардың энергия тиімділігі саласындағы стандарттары сериясы бойынша сертификаттау ИСО (ISO 52003, 52010, 52016, 52018); 4) Concrete Sustainability Council (CSC) Certification сияқты жекелеген құрылыс материалдарын (цемент, бетон, керамика, болат және т.б.) сертификаттау схемалары бойынша сертификаттау немесе өнімнің теріс экологиялық ізінің төмен деңгейін көрсететін ИСО 14025 стандартына сәйкес дайындалған өнімнің верификацияланған экологиялық декларациясының (EPD) болуы.	
	3.3 «Жасыл» инфрақұрылым	1) Ғимараттарға арналған «жасыл» инфрақұрылым бойынша – «Жасыл» құрылыс саласындағы мынадай рейтингтік бағалаудың болуы: LEED, EDGE, BREEAM, DGNB, OMIR және (немесе) энергия тиімділігі таңбалауы (энергия тиімділігінің сыныбы жоғары);	
Ластанудың алдын алу және оны бақылау	4.1. Ауа сапасы	1) Өнеркәсіптік ластанушылардан және қалалық атмосфералық ауаның ластануынан ауаны тазарту, рециркуляция жабдықтары бойынша – «Атмосфераға шығарындылар ЕҚТ (BREF) анықтамалықтарында белгіленген ЕҚТ (BAT-AELs немесе шектік мәндер) байланысты шығарындылар деңгейінің диапазондары шегінде, оның ішінде Өнеркәсіптік шығарындылар туралы директива шеңберінде (өнеркәсіптік ластануларға) қолданылады»; 2) Үй шаруашылықтары мен шағын және орта бизнес үшін таза жылыту құрылғыларын өндіру және орнату бойынша – «Жобаны іске асырғанға дейінгі базалық деңгеймен салыстырғанда парниктік газдар шығарындыларының ең аз дегенде 20%-ға төмендеуі».	ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен қауымдастықтар ТДМ 12 – Жауапты тұтыну мен өндіріс
	4.2. Топырақ	1) Топырақтың ластануын азайту, оны қалпына келтіруге арналған жабдықтар мен инфрақұрылым бойынша (яғни, топырақты ластану мен тоздан қалпына келтіруге арналған технологиялар мен өнімдерді қолданатын жабдықтар мен инфрақұрылым, соның ішінде ауыр металдармен, пестицидтермен, қоқыс полигондары қалдықтарымен ластануды дезактивациялау / жою; топырақ құнарлылығын жақсарту; тұрақты егіншілік, тұрақты егіншілік жүйелеріне көшу, соның	

		ішінде органикалық егіншілік жүйелері; топырақты қорғаудың фитомелиоративтік және механикалық әдістерін қолдану; топырақты өңдеуде нөлдік және үнемді технологияларды қолдану; жергілікті жағдайларға бейімделген дақылдар мен сорттарды өсіру; техногендік және антропогендік ластанулардан тазарту) – «Шектеу жоқ».	
	5.2. Қалдықтар мен сарқынды сулар	1) Коммуналдық қалдықтарды жинау және сұрыптауға арналған жабдықтар бойынша – «коммуналдық қалдықтар бөлек жиналуға және қайталама шикізат қайта өңдеуге жіберілуіне тиіс»; 2) Қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу, қайталама шикізатты қалпына келтіру, қайта пайдалану және қайта өңдеуге арналған жабдықтар бойынша – «Жиналған қайталама шикізаттың кемінде 80 %-ын өңдеу»; 3) Өнеркәсіптік және қауіпті қалдықтарды жинау, сұрыптау, қалпына келтіру, қайта пайдалану, қайта өңдеу және кәдеге жаратуға арналған объектілер бойынша – «Қалдықтар мен қосалқы өнімдерді, әсіресе қауіпті өнеркәсіптік қалдықтарды басқару бөлігінде қалдықтарды өңдеу бойынша НДТ (BREF) анықтамалығына сәйкестік»; 4) Қалдықтарды көмуге тыйым салынған полигондар мен өңдеу зауыттарын салу және жаңғырту бойынша – «Қазақстан Республикасында таксономия шегіне сәйкестікті бағалау кезінде қолданылатын талаптар мен нормаларға сәйкестік (2030 жылға дейін)»; 5) Қалдықтарды компосттауға арналған жабдықтар мен техника бойынша - шекті критерий – «Алынған компост топырақты тыңайту үшін пайдаланылады; дайын компостта пластиктің, шынының және металдың болмауы; компосттың биотыңайтқыштарға арналған ұлттық стандарттарға сәйкестігі».	
Циркулярлық экономикаға бейімделген өнімдер, өндірістік технологиялар және процестер	5.3. Ресурстарды сақтау және қалпына келтіру	1) Өнім өндіру үшін қайталама шикізатты пайдалану бойынша – «Өнім құрамындағы қайталама шикізат кемінде 30%»	ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер ТДМ 12 – Жауапты тұтыну мен өндіріс

Климаттың өзгеруіне бейімделу	5.1.2 Құрғақшылықтың, су тасқынының және селдің алдын алу және олардың салдарын жою	Құрғақшылықтың, су тасқынының және селдің салдарларын болдырмау және жою бойынша (құрғақшылықпен күресу үшін суару жүйелерін әзірлеу; су жүйелеріне қосылуларды салу және пайдалану, су қорғау құрылыстары мен су апаттарының алдын алу және оларға ден қоюға арналған басқа да объектілер; су тасқынын болдырмайтын бөгеттерді, сорғы станцияларын, дамбаларды, жапқыштарды, жағалауларды эрозиядан қорғау инфрақұрылымы үшін дамбаларды, нөсерлі көріздерді, селге қарсы жүйелерді, көлік және энергетикалық инфрақұрылымдағы дренаж жүйелерін салу; дауылдар, құрғақшылық, су тасқыны немесе бөгеттердің бұзылуы туралы автоматтандырылған және SMART-мониторинг және ерте ескерту жүйелері; суды бақылауға арналған ақылды желілер) – «Шектеу жоқ»	ТДМ 13 – Климаттың өзгеруіне қарсы күрес
Су ресурстары мен ағынды суларды тұрақты басқару	5.1. Суды орнықты пайдалану және суды үнемдеу	1) Суды үнемдеу, сақтау және тарату технологиялары мен жүйелерін өндіру, сатып алу және орнату бойынша – «Таза (табиғи) суды тұрмыстық мұқтаждыққа пайдалануды 40 %-дан, суаруды 30 %-дан және өндірістік және техникалық қажеттіліктерге 70 %-дан төмен емес азайту»; 2) Су дайындау құрылыстары (қондырғылар) бойынша – «Ауызсу: су тасқономия шегіне сәйкестігіне бағалау жүргізу кезінде қолданылатын санитариялық талаптарға/нормаларға сәйкес келуге тиіс; Техникалық су: су жабдықтың паспортына сәйкес келуге тиіс»; 3) Ағынды суларды одан әрі қайталама пайдалану үшін тазарту қондырғылары (тұрмыстық және өндірістік ағынды суларды қайта пайдалану және рециркуляциялау жүйелері; жабық циклді қолдану) – «Тазартылған суларды нысаналы пайдалану бойынша қайталама су пайдалануға қолдану».	ТДМ 6 – Таза су және санитария ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер
	5.2. Қалдықтар мен сарқынды сулар	1) Ағынды суларды тазарту қондырғылары бойынша (ағынды суларды жинау, сақтау, тазарту және шығару желілері; ағынды суларды тазарту зауыттары; шламды тазарту құрылыстары; ауыз суды тазартуға арналған жабдықтар; тұщыландыру қондырғылары; көң мен көң сұйықтығын тазартуға арналған құрылыстар) – «Атмосфераға және суға шығарындылар	

		қалдықтарды анаэробты өңдеуге арналған ЕКТ (BREF) анықтамалығында (егер қолданылатын болса) белгіленген ЕКТ байланысқан шығарындылар деңгейі диапозондарының (BAT-AELs немесе шектік мәндер) шегінде болады».	
Тірі табиғи ресурстар мен жерді экологиялық тұрақты басқару, биологиялық әртүрлілікті сақтау	6.1. Орнықты ауыл шаруашылығы	1) Климатқа бейімделген ауыл шаруашылығы бойынша «Таза (табиғи) суды тұтынуды 30 %-дан төмендетпей азайту; суды қайталама пайдалану; ЖЭК пайдалану; энергия тұтынуды немесе парниктік газдар шығарындыларын кемінде 20 %-дан төмендетпей азайту; жерді пайдалануды азайтуды, тозған жайылымдарды консервациялауды, орнықты ауыл шаруашылығы және (немесе) мал шаруашылығы әдістерін енгізуді көздейтін жобаларға қолданылады, балама өлшемшарттар – экожүйелерге жүктемені арттырмай, өнімділіктің артуын тамақ және ауыл шаруашылығы қалдықтарының азаюын не климаттың өзгеруіне бейімделудің артуын көрсету қолданылады».	ТДМ 6 – Таза су және санитария ТДМ 13 – Климаттың өзгеруіне қарсы күрес
	6.2. Ормандарды орнықты басқару және биоәртүрлілік пен экожүйелерді сақтау	1) Орман егу және орманды қалпына келтіру бойынша – «Шектеу жоқ».	
Экологиялық таза көлік	7.1. Төмен көмірсутекті көлік құралдары	1) Төмен көміртеккі көлік құралдарын сатып алу, жалға алу бойынша – «Тікелей шығарындылар <50 грамм CO ₂ /км; қоқыс жинау және ауыл шаруашылығы техникасына балама шекке рұқсат етіледі – Euro V немесе VI стандартына сәйкестік»; 2) Төмен көміртеккі көлік құралдары, моторсыз және микроэлектр көліктеріне арналған өндірістік жеткізу тізбектері бойынша – «Тікелей шығарындылар <50 грамм CO ₂ /км».	ТДМ 9 – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым ТДМ 11 – Тұрақты қалалар мен елді мекендер
	7.2. Төмен көміртеккі жүк тасымалдары	1) Төмен көміртеккі жүк тасымалы бойынша – «Автомобиль тасымалдары үшін – тікелей шығарындылар 50 грамм CO ₂ /тонна * км немесе Euro V немесе VI стандартына сәйкестік; теміржол тасымалдары үшін – тікелей шығарындылар 40 грамм	

		CO ₂ е/тонна * км; ауе көлігі үшін – энергия көзі нөлдік тікелей CO ₂ шығарындыларына ие болуы тиіс (мысалы, сутегі немесе электр қуаты), немесе SAF (экологиялық таза авиациялық отын) отын ретінде қолданылуы тиіс, ол тонна*км немесе жолаушы-км үшін CO ₂ е шығарындыларын айтарлықтай төмендетуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар SAF үшін шикізат Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) халықаралық авиация үшін көміртегі шығарындыларын өтеу және азайту схемасы (CORSIA) шеңберіндегі талаптарға сәйкестігі ретінде танылуы және (немесе) Еуропалық Одақтың жаңартылатын энергия туралы директивасы (EU RED) шеңберінде сертификатталуы тиіс».
	7.3. Таза көлік инфрақұрылымы	1) Қоғамдық көлік инфрақұрылымы бойынша – «Қоғамдық көлік үшін – тікелей шығарындылар 50 грамм CO ₂ е/жолаушы - км; велосипед инфрақұрылымы және жеке мобильділік құралдарын пайдалануға арналған инфрақұрылым үшін шектеулер жоқ»; 2) Төмен көміртекті көлік инфрақұрылымы бойынша – «Шектеу жоқ»; 3) Төмен көміртекті көлікті жоспарлау бойынша – «Шектеу жоқ».
	7.4. Таза көліктік ақпараттық-коммуникациялық технологиялары (АКТ)	1) Көлік түріне қарамастан активтерді пайдалану, ағынды және модальды жақсартатын АКТ бойынша (қоғамдық көлік туралы ақпарат, жол ағынын реттеу жүйесі және ақылды бағдаршам; геопозицияны анықтау датчигі бар GPS навигаторы; орталық диспетчерлік басқару; жол ақысын төлеудің электронды жүйесі, автомобильдерді бірлесіп пайдалану схемалары, смарт-карталар, жолда зарядтау жүйелері және т. б.) – «Ақпараттық технологиялар. Деректерді өңдеу орталықтары. Түімділіктің түйінді көрсеткіштері» ҚР СТ ISO/IEC 30134, "Экологиялық менеджмент жүйелері. Пайдалану жөніндегі талаптар және нұсқаулық" ҚР СТ ISO 14001, "Энергетикалық менеджмент жүйелері. Пайдалану жөніндегі талаптар және нұсқаулық" ҚР СТ ISO 50001 стандарттары серияларына сәйкестік сертификатының болуы»

Алматы қаласы әкімдігі «жасыл» облигацияларды алғаш рет шығарудың және/немесе «жасыл» кредиттерді тартудың шеңберінде, 1-ші Қосымшада көрсетілген бірқатар жобаларды қаржыландыруды жоспарлап отыр (Алматы қаласының «жасыл» облигациялар орналастырудан және/немесе «жасыл» кредиттерді тартудан түскен қаражат есебінен қаржыландыруға ұсынған жарамды «жасыл» жобалар тізімі).

Алматы қаласының әкімдігі «жасыл» облигациялар орналастырудан және/немесе «жасыл» кредиттер тартудан түскен қаражат есебінен 2-ші Қосымшада көрсетілген қандай да бір жобаны/қызметті саналы түрде қаржыландырмайды және/немесе қайта қаржыландырмайды.

3.2. Жобаларды бағалау және іріктеу процесі

Даму бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру үшін «жасыл» облигацияларды орналастыруды және/немесе «жасыл» кредиттерді тартуды ұйымдастыру және сүйемелдеу жөніндегі шешімдерді Алматы қаласы әкімдігінің Басқарушы комитеті (бұдан әрі – *Басқарушы комитет*) қабылдайды. Басқарушы комитеттің мақсаттары, міндеттері мен функциялары «Алматы қаласы әкімдігінің Басқарушы комитеті туралы ереже» құжатында айқындалған. Басқарушы комитеттің төрағасы Алматы қаласының әкімі болып табылады.

Басқарушы комитеттің негізгі функциялары:

- 1) «жасыл» облигациялардың әрбір шығарылымына, «жасыл» облигациялар шығарылымдарының бағдарламасына және/немесе тартылатын «жасыл» кредиттерге қатысты қолайлы «жасыл» жобалардың тізбесін қарау және бекіту;
- 2) Алматы қаласының «жасыл» облигациялар шығарылымы және/немесе тартылатын «жасыл» кредиттер есебінен қаржыландырылатын «жасыл» жобалар бойынша жыл сайынғы есептілікті қарау және бекіту;
- 3) қандай да бір себептермен осы саясатта белгіленген қолайлы «жасыл» жобалардың өлшемдеріне бұдан былай жауап бермейді деп бағаланатын жобаларды тізбеден алып тастау туралы шешім қабылдау;
- 4) қажет болған жағдайда осы Саясатты жаңарту бойынша ұсыныстар әзірлеу;

Басқарушы комитеттің жұмыс органы «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ және «Алматыгептшпан» ҒЭИ» ЖШС базасында құрылған Алматы қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесі (бұдан әрі – *Жобалық кеңсе*) болып табылады, ол «жасыл» облигациялар шығаруды және/немесе Алматы қаласының «жасыл» кредиттерін тартуды сүйемелдейді. Жобалық кеңсенің міндеттері мен функциялары «Алматы қаласы әкімдігінің жобалық кеңсесі туралы ереже» құжатында айқындалған.

Жобалық кеңесінің негізгі функциялары:

- 1) Алматы қаласының салалық басқармалары бастамашылық жасаған «жасыл» жобаларды «жасыл» облигацияларды орналастырудан және/немесе Алматы қаласының «жасыл» кредиттерін тартудан болған қаражат есебінен қаржыландырылатын қолайлы «жасыл» жобалар тізбесіне енгізу мәніне қару және бағалау;
- 2) «жасыл» облигациялар шығарылым/«жасыл» кредиттерді тарту сәтінен бастап толық өтеуі дейін осы Саясатқа сәйкестігі тұрғысынан қабылданған «жасыл» жобалар мен оларға жұмсалған шығындарды мониторингтеу;
- 3) «жасыл» облигациялар шығару және/немесе Алматы қаласының «жасыл» кредиттерін тарту есебінен қаржыландырылатын «жасыл» жобалар бойынша жыл сайынғы есептілікті жасау;
- 4) сыртқы аудиттік тексерулер жүргізу кезінде қатысатын басқармалар мен жоба әкімшілерінің іс-қимылдарын үйлестіру, оның ішінде консультациялық қызметтер көрсеткен кезде тәуелсіз тараптардың сараптамалық қорытындыларын алу.

Қабылданған «жасыл» жобалар тізімі келесі рәсім бойынша айқындалады.

1-кезең. Жарамды «жасыл» жобалардың алдын ала тізімін қалыптастыру

Алматы қаласының салалық басқармалары, осы Саясаттың «Қаражатты пайдалану» бөлімінде белгіленген қабылдану критерийлерінің көрсеткіштерін және күтілетін және/немесе қол жеткізілген экологиялық әсерлерді ескере отырып, Жобалық кеңсеге әлеуетті қабылданатын жобаларды ұсынады.

Жарамды «жасыл» жобаларға іске асырылып жатқан және жоспарланған жобалар да кіреді. Жарамды жобалар БҰҰ-ның тиісті ТДМ-мен сәйкестендіріледі.

Жобалық кеңсе Алматы қаласының салалық басқармаларының ұсыныстарын ескере отырып, жобаларды әрі қарай бағалау үшін қабылданған жобалардың алдын ала тізімін қалыптастырады.

2-кезең. Жарамды «жасыл» жобаларды бағалау және бекіту

Жарамды жобалардың алдын ала тізімі келесі біліктілік критерийлеріне сүйене отырып, Жобалық кеңсе қарауына ұсынылады және бағаланады:

- Жобаларды жүзеге асыру қоршаған ортаға оң әсер ететін келесі басым мақсаттардың кемінде біреуіне қол жеткізуге ықпал етеді:
 - парниктік газдар шығарындыларын азайту;
 - климаттың өзгеруіне бейімделу;

- қоршаған ортаны сақтау, қорғау немесе оның жағдайын жақсарту;
- қоршаған ортаға ластанушы заттардың шығарылуы мен төгінділерін азайту және (немесе) олардың қоршаған ортаға әсерін болдырмау;
- энергияны үнемдеу;
- қолданылатын табиғи ресурстарды тиімді пайдалану;
- биологиялық әртүрлілікті сақтау.
- Жобаның мақсаттары «жасыл» облигациялар принциптеріне, «жасыл» қарыздар принциптеріне, сондай-ақ осы Саясатта белгіленген қабылдану критерийлеріне сәйкес болуы тиіс. Атап айтқанда, «жасыл» жобаларды бағалау және іріктеу «Қаражатты пайдалану» бөліміндегі кестеде көзделген критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады, ал шекті критерийлер Қазақстан Республикасының «жасыл» жобалар таксономиясында көзделген шекті мәннен төмен болмауы керек.
- Қоршаған ортаға айтарлықтай зиянды жанама әсерлердің болмауы (Do No Significant Harm). Бұл зиян келтірмеу принципі жобалардың Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігі және олардың құжаттамалық ашылуы арқылы орныдалады.
- Ұзақ мерзімді оң экологиялық әсердің болуы, ол:
 - мәнділігімен сипатталатын және әсердің көрсеткіші/индикаторы түрінде сандық түрде анықталады (күтілетін және/немесе іс жүзінде қол жеткізілген). Экологиялық әсердің мәнділік деңгейі ұсынылған материалдар мен ұсыныстар негізінде құжаттамалық растау арқылы анықталады;
 - Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және тиісті құжаттамалық ашылуымен қамтамасыз етіледі.
- Алматы қаласының экологиялық мақсаттары мен міндеттемелеріне қол жеткізудегі жобалардың маңыздылығы;
- Жобаның қоршаған ортаға, оның ішінде атмосфераға, гидросфераға, топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне, сондай-ақ құрылыс жұмыстарының шу әсеріне бағасының болуы.
- Іріктеу кезінде басымдыққа қосымша верификацияның, сыртқы кеңесшінің оң қорытындысының немесе экологиялық аудиттің болуы, сондай-ақ қолданылатын технологиялық шешімдердің негіздемесі жатады – экологиялық және технологиялық тиімділікті растайтын стандарттардың, сертификациялардың, зерттеулердің болуы.

Бағалау қорытындысы бойынша Жобалық кеңсе жобалардың экологиялық әсерлері жөніндегі ақпаратты ескере отырып, жобаны қолайлы «жасыл» жобалар тізбесіне енгізу туралы ұсыныстар қалыптастырады. Қолайлы «жасыл» жобалардың тізбесі Басқарушы комитеттің отырысында «жасыл»

облигациялар шығарудан және/немесе «жасыл» кредиттер тартудан болған қаражат есебінен жобаларды қаржыландыру және/немесе қайта қаржыландыру туралы қорытынды шешіммен қаралады және бекітіледі.

Жобалық кеңсе жарты жылдық негізде және мониторинг нәтижелері негізінде қолайлы «жасыл» жобалар тізбесіне мониторинг жүргізеді. Басқарушы комитет қандай да бір себептермен осы саясатта белгіленген қолайлы «жасыл» жобалардың өлшемдеріне бұдан былай жауап бермейді деп бағаланатын жобаларды тізбеден алып тастау туралы шешім қабылдайды.

3.3. Қаражатты басқару

Қаражатты басқару келесілерді көздейді:

– Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан / «жасыл» кредиттерді тартудан (эквивалентінде) түскен қаражатты толық көлемде «жасыл» жобаларды қаржыландыруға және (немесе) қайта қаржыландыруға бағыттау;

– Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан / «жасыл» кредиттерді тартудан түскен қаражатты пайдалану туралы, сондай-ақ жобалардың мақсатты көрсеткіштеріне (әсеріне) қол жеткізу туралы жыл сайынғы есептерді дайындау;

– «Жасыл» жобаларды іске асыру шеңберінде жұмсалған шығындардың жеке аналитикалық есебін жүргізу;

– Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан / «жасыл» кредиттерді тартудан түскен қаражатқа сәйкес осы шығындардың мониторингін жүргізу.

Егер Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан / «жасыл» кредиттерден түскен қаражатты «жасыл» жобаларды іске асыруға қаржы жылының соңында итермелен жағдайда, уақытша бос бюджет қаражаты Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 101-бапқа сәйкес салымдарға (депозиттерге) орналастырылады. Қазақстан Республикасының бюджет кодексі. Алматы қаласы әкімдігінің уақытша бос бюджет қаражатын орналастыруды бюджет атқарушылық қамтамасыз ететін орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан / «жасыл» кредиттерден түскен қаражатты жұмсау Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына, сондай-ақ мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілісті қызметтерді сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасының шарттық жүйесі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Алматы қаласының әкімдігі келесілерді қамтамасыз етеді:

– Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан /

«жасыл» кредиттерді тартудан түскен қаражаттың 100% көлемінде тізімге енгізілген жарамды «жасыл» жобаларды қаржыландыруға бағытталуын;

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан / «жасыл» кредиттерді тартудан түскен итермеленген қаражатты, сондай-ақ 2-ші Қосымшада келтірілген «жасыл» қаржыландыруға жатпайтын жобалар тізімін ескере отырып тиісті басқаруды;

– жобаларды тікелей басқаруды;

– жобалардың экологиялық әсерге/экологиялық көрсеткіштерге қол жеткізуді;

– жобаларды іске асыру кезінде экологиялық талаптар мен стандарттарды сақтауды және жобаларды іске асырудың әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерін басқаруды;

– Алматы қаласының «жасыл» облигацияларды орналастырудан / «жасыл» кредиттерді тартудан түскен қаражатты пайдалану туралы есепті, сондай-ақ қаржыландырылған тиісті «жасыл» жобалардың әсері туралы есепті жариялауды.

Алматы қаласының әкімдігі қабылданған «жасыл» жобалар тізімін тұрақты түрде қадағалап, талаптарға сәйкес келмейтін жобаларды алып тастау және оларды басқа қабылданған «жасыл» жобалармен алмастыру жұмыстарын жүргізеді.

Алматы қаласының әкімдігі жобаларды іске асыруға тартылған «жасыл» қаржыландырудың жалпы сомасынан кем емес «жасыл» облигациялар немесе тартылған «жасыл» кредиттер шығарудан түскен қаражат есебінен қаржыландырылатын және/немесе қайта қаржыландырылатын жобалардың жынтық сомасын қолдауға ұмтылатын болады.

Төксан сайынғы негізде Алматы қаласы Қаржы басқармасы:

– бағалау және іріктеу рәсімінен өткен «жасыл» жобаларды (соның ішінде қайта қаржыландырылған жобаларды) қаржыландыруға бағытталған шығындарды есепке алады;

– «жасыл» облигациялар шығарылымының (және/немесе кредиттердің) тізілімі әрбір «жасыл» облигация шығарылымын (әрбір алынған «жасыл» кредитті) Алматы қаласы әкімдігінің «жасыл» жобалар тізіміне сәйкестігін анықтау үшін жеткілікті ақпарат жинайтын жүргізетін болады.

